

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2021 жылғы 28 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Р.В. Склярға

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Роман Васильевич!

Біздің депутаттық сауалымыз балалардың қауіпсіздігі мәселесіне қатысты, атап айтқанда, балалардың терезеден құлауының алдын алу.

Жыл сайын республикада жылы күндердің басталуымен балалармен болатын жазатайым оқиғалар көбейе түсетінін байқаймыз. Көбінесе ересектердің қарауынсыз қалған екі жастан алты жасқа дейінгі сәбилер қайғылы жағдайға ұшырап жатыр.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, соңғы бес жылда Қазақстанда құлау салдарынан **140-тан астам бала қайтыс болды**. Тек осы жылдың 1 тоқсанында ғана **9 жағдай тіркелді**, оның 1-і өліммен аяқталды.

Өткен жылы елімізде екі жастан 13 жасқа дейінгі балалардың терезеден құлауының 100-ден астам оқиғасы тіркелген. Дәрігерлердің айтуы бойынша, көптеген балалар сынықтармен, бас сүйек-ми жарақаттарымен, жүйке жүйесінің зақымдануымен қабылданады, оның салдары психологиялық жарақатқа айналады. Көп жағдайда балалар мүгедек болып қалады.

Мәселен, өткен жылы Нұр-Сұлтанда Момышұлы көшесіндегі, 2016 жылы туған бала үлкендердің қарауынсыз қалып, 16 қабатты тұрғын үйдің бесінші қабатындағы пәтердің терезесінен құлап, сол жерде қайтыс болған. Екінші жағдай Таразда 7-шағын ауданда болған. Қараусыз қалдырылған 2018 жылы туылған бала бес қабатты тұрғын үйдің төртінші қабатының терезесінен құлап кетті. Ол ауыр жарақат алған.

Көптеген елдердің заңнамасында балалар орналастырылатын ғимараттың (оларға ауруханаар, мектептер және т.б. жатады) терезелеріне шектеулер қойылу міндеті бекітілген. Басқа елдерде терезелер өндірісінде міндетті түрде шектегіштерді орнату қарастырылған. Балаларды қорғаудың бұл шарасы заңнамада жазылғандықтан, тіпті терезе профилін жобалау кезеңінде де осындай механизмдерді орнату ескеріледі. 2018 жылдан бастап Ресейде бірінші және соңғы қабаттарда және балалар мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін терезелерді ғана орнатуды міндеттейтін заң күшіне енді.

Жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында полиция мен төтенше жағдайлар қызметі түрлі іс-шаралар өткізуде, мысалы, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары, арнайы рейдтер өткізеді. Бірақ бұл жұмыстар жеткіліксіз, жағдай өзгермей тұр.

Сонымен қатар, бұған дейін көп пәтерлі тұрғын үйлерде балалардың терезеден құлауын болдырмау үшін қауіпсіздік талаптарын күшейтуге қатысты Мәжілістің алтыншы шақырылымында депутаттық сауалдар Үкіметке қойылған болатын. Алайда, оған берілген жауаптардан және де сайлаушылардың кездесулерде осы мәселелерді жиі көтерулеріне қарағанда, бұл бағыттағы жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмегендігі.

Бізде Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитеті Төрағасының бұйрығымен тұрғын үйлердің терезелерінен балалардың құлауынан қауіпсіз құлыптарды орнатуға міндетті талаптар енгізілді. Бірақ бұл ереже 2018 жылдан бастап пайдалануға берілген жаңа ғимараттарға ғана қатысты. Бұл ретте, бұрын салынған ғимараттарға осы стандарттың талаптары сәйкес келмейді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Ресей Федерациясының Техникалық реттеу және метрология федералдық агенттігімен бірлескен жұмыс шеңберінде 2018 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының аумағында «Поливинилхлоридті профильдерден жасалған терезе блоктары. Техникалық шарттар» МЕМСТ 30674-99 мемлекетаралық стандартты қолданысқа енгізді. Осы стандарт тұрғын үйлердің терезе блоктарын тұтқа жағынан жарманың төменгі бөлігіне орнатылған терезе жармасын берік бекітуді және жарманы бұрып ашуды (кең ашылу) бұғаттауды қамтамасыз ететін қауіпсіздік құлыптарымен жабдықтау жөніндегі талаптарды көздейді.

Алайда, тәжірибеде бұл талаптар жаңадан беріліп жатқан көп қабатты үйлерде орындалып жатқан жоқ. Қазіргі салынған үйлерді қарасаңыз, сол жай терезелер. Тек пәтер алған соң, тұрғындардың қалтасы көтерсе, өздері қауіпсіздік құрылғыларын орнатып жатады. Бұл нені білдіреді? Бұл – көп пәтерлі тұрғын үйлерде балалардың терезеден құлауын болдырмау үшін қауіпсіздік талаптарының орындалуына бақылаудың жоқтығын білдіреді.

Балалар - біздің болашағымыз! Еліміздің болашағы үшін көптеген жағдайлар жасалуда. **Көптеген бала құлап, 140-ы көз жұмды, қалғаны түрлі жарақат алып, мүгедек болып қалды.** Өмірдің қызығын көріп үлгермеген періштелеріміз жоғарыдағы талаптар сақталмағандықтан ауыр жарақат алып,

мүгедек болып тағдырлары тас-талқан болуда. Тіптен қазір беріліп жатқан жаңа үйлерде де бұл талаптар орындалмауда.

Сондықтан да, жоғарыда баяндалғанның негізінде, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Сізден келесі шараларды қабылдауыңызды сұраймыз:

- құрылыс талаптарын сақтау бойынша бақылауды күшейту туралы;
- жаңа ғимараттар құрылысы кезінде ғана емес, сонымен қатар терезе өндіріс кезінде, сондай-ақ ескі терезелерді ауыстыру бойынша тиісті талаптарын енгізу;
- терезе блоктарын орнатуды бақылау үшін авторлық қадағалау жүргізу;
- балалардың тұрғын үйлердің терезелерінен құлап қалуынан қауіпсіз құлыптарды орнатуға қойылатын талаптарды сақтамағаны үшін, тіпті лицензиядан айыруға дейін заңды жауапкершілікті күшейту.

Осы сауалды қарау нәтижелері туралы заңнамада белгіленген мерзімде хабарлауыңызды сұраймыз.

*Құрметпен,*  
**Қазақстан Республикасы Парламенті**  
**Мәжілісінің депутаттары,**  
**«Nur Otan» Партиясы**  
**Фракциясының мүшелері**

**С. Ертаев**  
**Ә. Әпсеметова**  
**Н. Раззақ**